

## **Жақсы ауданы Жақсы ауылының шекарасын (шегі) белгілеу туралы**

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № а-8/267 қаулысы және Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 6BC-48-1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 қарашада № 7511 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жақсы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қосымшаға сәйкес жалпы алаңы 4278,82 гектар Жақсы ауданы Жақсы ауылының шекарасы (шегі) белгіленсін.

2. "Жақсы ауданының жер қатынастар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

3. Осы бірлескен Жақсы ауданы әкімдігінің қаулысы және Жақсы аудандық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы ауданының  
әкімі*

*Б.Малғаждаров*

*Жақсы аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы*


*Е.Әбдіқаймов*

*Жақсы аудандық  
мәслихатының хатшысы*


*Б.Жанәділов*

Бірлескен Жақсы ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 26 қарашадағы  
№ а-8/267 қаулысына және  
Жақсы аудандық мәслихатының  
2019 жылғы 26 қарашадағы  
№ 6BC-48-1 шешіміне қосымша

## **Жақсы ауданы Жақсы ауылының шекарасы (шегі)**



Шартты белгісі



## Жақсы ауданы Жақсы ауылы жерлерінің экспликациясы

Жалпы алаңы	Ауыл шаруашылық алқаптарының барлығы	Гектар					Басқа-лар
		Оның ішінде Жайы-лымдар	Егістік	С у астында	Жолдар астында	Құры-лыстар астында	
4278,82	3057,4	2615,3	442,1	4,0	75,7	465,1	676,62